

**"Азаматтық қызметшілері болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария, саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" Көкпекті ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 74 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 428 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 қаңтарда № 5383 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 6 тамыздағы № 253 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 06.08.2020 № 253 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына, 139 бабының 9 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2-тармағына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Көкпекті ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 16 наурыздағы № 74 "Азаматтық қызметшілері болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария, саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 4479, аудандық "Жұлдыз" - "Новая жизнь" газетінің 2016 жылғы 8 мамырда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 2 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары А.Ж. Акимоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көкпекті ауданының әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық мәслихат хатшысы

Р. Сагандыков

Т. Сарманов

"20" 12 2017 жыл

Көкпекті ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы "20" 12  
№ 428 қаулысына қосымша  
Көкпекті ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы "16" наурыз  
№ 74 қаулысына № 2 қосымша

**Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі "Шығыс Қазақстан облысы  
Көкпекті ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің азаматтық қызметші болып табылатын және  
ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру және спорт саласындағы  
мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын, орталық, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы және басшысының орынбасары, лагерь бастығы, оның ішінде: кітапхана, интернат, шеберхана, өндіріс, кабинет, оқу - өндірістік пункт, әдістемелік кабинет меңгерушісі.

2. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдары: барлық мамандық мұғалімдері, аға тәрбиеші, тәрбиеші, тәрбиешінің көмекшісі, аға шебер, шебер, аға тәлімгер, оқытушы, концертмейстер, әдістемеші, көркем жетекші, музыкалық жетекші, нұсқаушы, әлеуметтік педагог, педагог–ұйымдастырушы, қосымша білім педагогы, педагог–психолог, логопед-мұғалімі, дефектолог мұғалімі, алғашқы әскери дайындық ұйымдастырушы оқытушысы.

3. Мамандар (бас, аға) оның ішінде: кітапханашы, медбике, тәлімгер, хореограф, нұсқаушы, әдіскер, жаттықтырушы.